

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕС БАСҚАРМАСЫ  
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТУРАЛЫ РЕГЛАМЕНТІ**

**БІРІНШІ БӨЛІМ**

**Мақсаты, қолдану аясы, негіздеме және қысқартылған сөздер**

**Мақсаты**

**1-бап.** (1) Осы регламенттің мақсаты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Басқармасында және Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан Қазақстанда жұмыс істеу үшін қабылданатын қызметкерлердің құқықтары мен міндеттеріне, жеке және әлеуметтік құқықтарына, Өкілетті Кеңес төрағасы мен мүшелеріне жасалатын төлемдерге қатысты ережелер мен тәртібін реттеу болып табылады.

**Қолдану аясы**

**2-бап.** (1) Осы регламент Өкілетті Кеңес Басқармасымен түзілетін еңбек шарты негізінде жұмысқа қабылданатын әкімшілік қызметкерлер мен оқытушыларға және Өкілетті Кеңес төрағасы мен мүшелеріне жасалатын төлемдерге қатысты ережелер мен тәртібін қамтиды.

**Негіздеме**

**3-бап.** (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жарғысының 5-бабының (е), (j) және (l) тармақтары, 17-ші, 18-ші және 24-ші баптары негізінде дайындалды.

**Қысқартылған сөздер**

**4-бап.** (1) Осы регламенттегі қысқартылған сөздер мен олардың мағыналары төмендегідей:

- а) Доллар: Америка Құрама Штаттарының доллары,
- б) Әкімшілік және қаржылық істер координаторы/Бас хатшы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасының әкімшілік және қаржылық істер координаторы/Бас хатшысы,
- с) Адами ресурстар және білім директоры: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес басқармасының Адами ресурстар және білім директоры,
- д) Өкілетті Кеңес төрағасы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес төрағасы,
- е) Өкілетті Кеңес Басқармасы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті Кеңес Басқармасы,

f) Ректорат: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректораты,

g) ТЛ: түрік лirasы,

h) ТҮФЕ: Түркия Республикасы Статистика мекемесінің тұтыну бағалары индексі,

i) ТүрТЕП: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Қашықтықтан оқыту факультеті Түрік тілінде оқыту бағдарламалары Зерттеу және қолданбалы орталығы,

j) ТҮРТЕП-АБК: ТүрТЕП Академиялық бағалау кеңесі,

к) ТҮРТЕП-БК: ТүрТЕП Басқару кеңесі,

l) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау негіздері

#### Адами ресурстарының мақсаты

**5-бап.** (1) Өкілетті Кеңес Басқармасы қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде төмендегі шарттарды негізге алады:

a) Басқарма жұмыстарын ең аз қызметкермен орындау;

b) Қызметкерлерді іріктеу және жұмысқа қабылдау кезінде жұмыстың ерекшеліктерін ескеру;

c) Қызметкерлердің жеке құқтарына құрмет көрсету;

d) Жұмыстың ерекшеліктеріне қарай жұмыс ортасын қалыптастыру;

e) Қызметкерлер арасындағы әлеуметтік байланысты нығайтуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

f) Қызметкерлер арасындағы теңдік қағиданы қамтамасыз ету;

g) Жұмыс өнімділігін арттыру үшін үздік қызметкерлерді мүмкіндігінше марапаттау және олардың біліктілік арттыру курстарына қатысуын қамтамасыз ету.

#### Штат бірліктері

**6-бап.** (1) Өкілетті Кеңес Басқармасына қарасты құрылымдық бөлімдерге қызметке тағайындау Өкілетті Кеңес тарапынан бекітілген қосымшадағы штат кестесіне сай жүргізіледі. Штат кестесінде штат атаулары мен саны көрсетіледі.

#### Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және тағайындау

**7-бап.** (1) Ректораттағы және Өкілетті Кеңес Басқармасындағы босаған және қажеттілігі бар кезде штаттарға қызметкерлерді қабылдау үшін берілген хабарландыру нәтижесінде өтініші алынған үміткерлердің арасынан лайықты қызметкер сұхбат арқылы іріктеліп, жұмысқа қабылданады және Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан қызметке тағайындалады.

(2) Жұмысқа қабылданған қызметкер университеттің еңбек нормаларына, белгіленген шарттарына, жұмыс тәртібіне, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау



ережелеріне, университетте қабылданған және қабылданатын регламенттерге, нұсқауларға, ережелерге, бұйрықтарға және шешімдерге бағынатынын растайтын құжатқа қол қояды.

(3) Алғаш рет жұмысқа қабылданатын қызметкер үшін екі айлық сынақ мерзімі белгіленеді. Осы мерзім соңында қабілеті жеткіліксіз деп табылған қызметкердің еңбек шарты тоқтатылады.

(4) Әр қызметкер үшін жеке құжат папка ашылады. Ректоратта жұмыс істейтін түркиялық қызметкерлердің жеке папкалары ректоратта және Өкілетті Кеңес Басқармасында бірдей қадағаланады. Жеке құжат папкалар Адами ресурстар бөлімінде құпия түрде сақталады. Қазақстанға ректорат қарамағында жұмыс істеу үшін жіберілетін түркиялық қызметкерлерге қатысты барлық хаттар мен жазбалар ректор өкілі (I Вице-президент) тағайындайтын құзыретті тұлға тарапынан қадағаланады және Өкілетті Кеңес Басқармасының Адами ресурстар бастығына жолданады.

### **Қызметкерлердің қызмет міндеттері**

**8-бап.** (1) Қызметкерлер осы регламентте және еңбек шартында көрсетілген міндеттерін орындаумен қатар, Өкілетті Кеңес Басқармасында қабылданған және қабылданатын регламенттер мен нұсқауларға бағынуға немесе құзыретті басшының ауызша тапсырмаларын орындауға міндеттенеді. Сондай-ақ, мынадай міндеттерді де атқарады:

- a) Қызметін тиімді орындау, қызмет бабы мен құзыреттерін теріс пайдаланбау;
- b) Өкілетті Кеңес Басқармасы белгілеген жұмыс уақытына бағыну және жұмыс уақытында жұмыс орнында болу, жұмыс уақытын толығымен жұмыс үшін пайдалану;
- c) Қызметкерлерге құрмет көрсету және олармен жақсы қарым-қатынаста болу;
- d) Киім кию әдебін сақтау;
- e) Жұмысқа мас күйінде келмеу;
- f) Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелеріне, жұмыс орны қауіпсіздігіне мән беру;
- g) Қандай да бір себеппен жұмыстан босаған жағдайда жауапкершігіндегі әр түрлі құжаттар мен инвентарьларды тиісті басшыға хаттама негізінде өткізу;
- h) Мекен-жайы, телефон нөмірі, азаматтық халі секілді жеке басына қатысты маңызды мәліметтер өзгерген жағдайда үш күн ішінде Адами ресурстра директорына білдіру.

### **Өкілетті Кеңес Басқармасының міндеттері**

**9-бап.** (1) Өкілетті Кеңес Басқармасының міндеттері мынадай:

- a) Осы регламентте және еңбек шартында көрсетілген міндеттерін орындау;
- b) Осы регламентте және еңбек шартында қарастырылмаған жағдайларда тиісті заңдар мен нормаларға сай әрекет ету.

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

### Түркияда жұмыс істейтін қызметкерлердің жеке құқықтары

#### Қызметкерлердің келісім шарттары

**10-бап.** (1) Басқа бір мекемеде жұмыс істемейтін Өкілетті Кеңес Басқармасының және ТүрТЕП-тің қызметкерлерімен (зейнеткерлерді де қоса) қосымшадағы № 1 типті еңбек шарты түзіледі.

(2) Басқа бір мекемеде жұмыс істейтін Өкілетті Кеңес Басқармасының және ТүрТЕП-тің қызметкерлерімен қосымшадағы № 2 типті еңбек шарты түзіледі.

#### Жалақы төлемдері

**11-бап.** (1) Қызметкерлердің жалақысын есептеуде төмендегі ережелер негізге алынады:

а) Негізгі еңбек ақы: Келісім шарт негізінде жұмыс істейтін қызметкердің негізгі еңбек ақысының сомасы атағы, жұмыс талаптары, жұмыс орны мен жұмыс шарттары ескеріліп, Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан анықталады. Еңбек ақының сомасы жыл сайын қаңтар және маусым айларынан бастап, алты айлық ТБИ-нің коэффициенті және бюджеттің мүмкіндіктері ескеріле отырып, Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан арттырылуы мүмкін. Осы регламент бойынша белгіленген еңбек ақыны 20%-ке дейін арттыруға немесе азайтуға Өкілетті Кеңес төрағасының құқығы бар.

б) Түркияда жұмыс істейтін қызметкерлердің тиісті еңбек ақы сомасы төменде көрсетілген:

#### Түркияда жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбек ақысы

Қызметі	Еңбек ақысы
Вице-президент (Түркия)	7.300
Декан, Зерттеу және қолданбалы орталығының/институттың бастығы (ТүрТЕП бастығы)	6.953
Әкімшілік және қаржылық істер координаторы/Бас хатшы	5.520
Профессор доктор (кем дегенде 5 жыл профессорлық атағы бар)	5.520
Профессор доктор	4.968
Ішкі аудит	4.968
Доцент доктор	4.696
Доцент қызметін атқарушы доктор, төраға кеңесшісі	3.991
Жабдықтау, торап және қауіпсіздігі директоры	3.554
Зерттеу және қолданбалы орталығының директор орынбасары / ТүрТЕП бастығының орынбасары (әкімшілік-қаржылық)/орталық хатшысы	3.554
Доктор, зерттеуші (доктор), директор, жүйе маманы, бағдарламашы маман (кем дегенде 3 жыл бағдарламашы тәжірибесі бар), адвокат/заң кеңесшісі (толық жұмыс істейтін)	3.225

Бағдарламашы	2.868
Зерттеуші (магистр), маман	2.651
Техник	2.579
Зерттеуші, маман көмекшісі, төраға көмекшісі/басқару ассистенті	2.436
Қызметкер	2.006
Хатшы, жүргізуші	1.933
Вахтер	1.719
Қызметші	1.577

с) Вице-президент профессор ғылыми атағына ие болған тұлғалардан атанады. Вице-президент үшін белгіленген негізгі еңбек ақы кем дегенде 5 жыл профессорлық атағына ие болғандар үшін, 5 жылдан аз болған жағдайда одан бір төменгі қатар негізге алынады.

д) Декан/Зерттеу және қолданбалы орталығының бастығы (ТүрТЕП бастығы) үшін белгіленген еңбек ақы профессорлар үшін беріледі. Доцент немесе доцент қызметін атқарушы атанған жағдайда осы ғылыми атақтар үшін белгіленген еңбек ақысы 20 %-ға көбейтіледі.

е) Вице-президент, Декан/Зерттеу және қолданбалы орталығының бастығы үшін белгіленген еңбек ақы қызметі бойынша төленеді.

ф) Екі қызметті бірдей жүргізген жағдайда жоғары қызметтің еңбек ақысы негізге алынады.

г) Зерттеу және қолданбалы орталығы бастығының орынбасары (ғылыми істер) және ТүрТЕП кафедра меңгерушісі қызметтеріне тағайындалған тұлғаларға қызметі бойынша ғылыми атағы үшін белгіленген еңбек ақы негізге алынады. Әкімшілік және қаржылық істерге жауапты Зерттеу және қолданбалы орталығы бастығының орынбасары қызметі үшін де осындай тәртіп қоданылады.

h) Адвокат / заң кеңесшісі қызметі бойынша қызмет алу әдісі қолданылуы мүмкін. Осындай жағдайда 11-бап (b) тармақшасындағы еңбек ақысының орнына келісім шарт үкімдері негізге алынады.

i) Жұмыс стажына (бейнет) байланысты еңбек ақы: Белгілі бір әлеуметтік сақтандыру мекемесіне төлем төлеу шартымен өткен қызмет мерзімін жалпы 1-5 жыл толтырған тұлғаларға еңбек ақының 2%, 6-10 жылы арасындағы тұлғаларға еңбек ақының 4%, 11-15 жылы арасындағы тұлғаларға еңбек ақының 6%, 16-20 жыл арасындағы тұлғаларға еңбек ақының 8% және 21 жылдан астам тұлғаларға 10% мөлшерінде жұмыс стажына байланысты бейнет ақы төленеді. Бейнет ақысының артуы тиісті мерзімнің толуынан кейінгі айдан бастап есептеледі.

j) Өнімділікке байланысты еңбек ақы: Жыл сайын жылдың соңында жұмыс істеу мерзімі 6 айдан асқан қызметкер үшін Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан өнімділікті бағалау жүргізіледі. Өнімділікті бағалау нәтижесінде келесі жылдың қаңтар айынан желтоқсан айына дейін қолдану шартымен, Өкілетті Кеңес төрағасының бекітуімен тиісті қызметкерге еңбек ақының 5% мөлшеріне дейін өнімділікке байланысты еңбек

ақы төленуі мүмкін. Өнімділікке байланысты еңбек ақы ешкімнің құқығы емес. Әрбір жылдың аяғында қайтадан белгіленеді.

к) Бірдей қызметтегілерден ерекше, қаржы жұмсаудан жауапты болып тағайындалған қызметкерге еңбек ақының 10% мөлшерінде қыржылық жауапкершілік компенсациясы төленеді.

л) Зейнеткерлік еңбек ақысын немесе университет пен басқа мекемелер және құрылымдардың қарамағында толық айлық еңбек ақы алатын тұлғаларға жоғарыда көрсетілген еңбек ақының 50%-і төленеді.

м) Жоғарыда қызметі мен атағы аталмаған тұлғалардың еңбек ақы қорын есептегенде негіз ретіндегі еңбек ақы, жоғарыда көрсетілген бірдей қызметтердің сомасынан аспау шартымен Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан белгіленеді.

н) Осы регламент күшіне енгеннен кейін қызметі немесе қызмет еткен бөлімі жабылғаннан қызметкерге тиісті ұсыныс жасалғаннан кейін жаңа қызметі үшін келісім шарт түзіледі, қабылдамаған жағдайда еңбек келісім шарты күшін жояды.

о) Жоғарыда жазылған үкімдер бойынша белгіленген еңбек ақы қоры нақты түрде әр айдың бірінде төленеді.

### **ТүрТЕП-те мазмұн дайындау ақысы**

**12-бап.** (1) ТүрТЕП оқу жоспарына сай «мазмұнын дайындайтын» оқытушылар тиісті бөлімнің ТҮРТЕП-АБК-нің ұсынысы және ТҮРТЕП-БК-нің бекітуі бойынша белгіленеді. Тағайындау және келісім-шартқа қол қою үшін Өкілетті Кеңес төрағасына ұсынылады.

(2) ТҮРТЕП-БК тарапынан аты-жөні бекітілген оқытушылармен қосымшадағы 5-үлгідегі келісім-шарт жасалады (5-қосымша). Мазмұнын дайындайтын оқытушыларға әрбір мазмұн үшін 4.500 ТЛ авторлық құқықтары нақты түрде төленеді.

### **ТүрТЕП-те авторлық құқық/кеңесші еңбек ақысы**

**13-бап.** (1) ТҮРТЕП оқу жоспарына сай “сабақ еңбек ақысы / мазмұнын жаңалау және реттеуге байланысты авторлық құқықтары / кеңесші еңбек ақысы” ретінде төленетін оқытушылар тиісті бөлімнің ТҮРТЕП-АБК-нің ұсынысы және ТҮРТЕП-БК-нің бекітуі бойынша белгіленеді. Тағайындау және келісім-шартқа қол қою үшін Өкілетті Кеңес төрағасына ұсынылады.

(2) ТҮРТЕП-БК тарапынан аты-жөні бекітілген оқытушылармен қосымша 6-үлгідегі келісім-шарт жасалады (6-қосымша).

а) 3 кредиттік ұзақтан білім беру сабағының семестрлік сабақ жүктемесі әрбір 20 студенттік топ үшін; 15 сағат теориялық сабақ (тікелей эфир) жүктемесі, 10 сағат хабарласу және электронды пошта жүктемесі, 10 сағат тапсырмаларды дайындау мен бағалау жүктемесі, 10 сағат емтихан сұрақтарын дайындау жүктемесі болып, жалпы 45 сағаттық оқу жүктемесінен тұрады. Мұның апталық сабақ жүктемесі 3 сағат болып табылады.

б) 20 студенттік топ үшін 3 кредиттік ұзақтан білім беру сабағының сабақ еңбек ақысы / мазмұнын жаңалауға және реттеуге байланысты авторлық құқықтары / кеңесші ақысы нақты түрде төлеу шартымен төмендегідей есептеледі. Студент санының 10 және одан да азайған жағдайда жоғарыда көрсетілген еңбек ақы қорының 50% төленеді.

Академиялық атағы	Тікелей эфир	Хабарласу / электронды пошта	Тапсырма	Емтихан	Жалпы ТЛ
	ТЛ x сағат = ТЛ	ТЛ x сағат = ТЛ	ТЛ x сағат = ТЛ	ТЛ x сағат = ТЛ	
Проф., доктор	45 x 15 = 675	25 x 10 = 250	25 x 10 = 250	25 x 10 = 250	1.425,00
Доц., доктор	35 x 15 = 525	24 x 10 = 240	24 x 10 = 240	24 x 10 = 240	1.245,00
Көмекші доц., доктор және доктор	30 x 15 = 450	22 x 10 = 220	22 x 10 = 220	22 x 10 = 220	1.110,00
Оқытушы	25 x 15 = 375	21 x 10 = 210	21 x 10 = 210	21 x 10 = 210	1.005,00

с) 20 студенттік топтан кейінгі 60-студентке дейін сабаққа тіркелген әрбір қосымша студент үшін 3 кредиттік ұзақтан білім беру сабағының сабақ еңбек ақысы / мазмұнын жаңалауға және реттеуге байланысты авторлық құқықтары / кеңесші ақысы нақты түрде төлеу шартымен төмендегідей есептеледі.

Академиялық атағы	Тікелей эфир	Хабарласу / электронды пошта	Тапсырма	Емтихан	Жалпы ТЛ
	ТЛ x 1=ТЛ	ТЛ x 1=ТЛ	ТЛ x 1=ТЛ	ТЛ x 1=ТЛ	
Проф., доктор	0 x 1 = 0	10,00x1= 10,00	10,00x1= 10,00	0 x 1 = 0	20,00
Доц., доктор	0 x 1 = 0	7,50 x 1 = 7,50	7,50 x 1 = 7,50	0 x 1 = 0	15,00
Көмекші доц., доктор және доктор	0 x 1 = 0	6,00 x 1 = 6,00	6,00 x 1 = 6,00	0 x 1 = 0	12,00
Оқытушы	0 x 1 = 0	4,00 x 1 = 4,00	4,00 x 1 = 4,00	0 x 1 = 0	8,00

д) 60 студенттік топтан кейінгі 150-студентке дейін сабаққа тіркелген әрбір қосымша студент үшін 3 кредиттік ұзақтан білім беру сабағының сабақ еңбек ақысы / мазмұнын жаңалауға және реттеуге байланысты авторлық құқықтары / кеңесші ақысы нақты түрде төлеу шартымен төмендегідей есептеледі.



Академиялық атағы	Тікелей эфир	Хабарласу / электронды пошта	Тапсырма	Емтихан	Жалпы ТЛ
	ТЛ x 1=ТЛ	ТЛ x 1=ТЛ	ТЛ x 1=ТЛ	ТЛ x 1=ТЛ	
Проф., доктор	0 x 1 = 0	3,00 x 1 = 3,00	3,00 x 1 = 3,00	0 x 1 = 0	6,00
Доц., доктор	0 x 1 = 0	2,75 x 1 = 2,75	2,75 x 1 = 2,75	0 x 1 = 0	5,50
Көмекші доц., доктор және доктор	0 x 1 = 0	2,50 x 1 = 2,50	2,50 x 1 = 2,50	0 x 1 = 0	5,00
Оқытушы	0 x 1 = 0	2,25 x 1 = 2,25	2,25 x 1 = 2,25	0 x 1 = 0	4,50

е) 150 студенттік топтан кейінгі сабаққа тіркелген қосымша студенттер үшін сабақ еңбек ақысы / мазмұнын жаңалауға және реттеуге байланысты авторлық құқықтары / кеңесші ақысы төленбейді.

ғ) Қолданыстағы «Жоғары оқу туралы» Заңына сәйкес университет құрамында келісім-шарт негізінде жұмыс істейтін профессор-оқытушылар құрамының апталық сабақ жүктемесі кем дегенде он сағат немесе 3 топ, ал аға оқытушы және оқытушылардың апталық сабақ жүктемесі кем дегенде 12 сағат немесе 4 топ болып табылады. Ректор, декан, институт және жоғары мектеп директорлары мен академиялық емес қазметкерлер үшін апталық сабақ жүктемесі мәжбүрлі емес. Олардың орынбасарлары мен кафедра меңгерушілері үшін апталық сабақ жүктемесі жоғарыда көрсетілген мерзімнің жартысына тең немесе 2 топ. Осы көрсетілген міндетті жүктеме ақысыз түрде орындалады.

### ТүрТЕП курстық жоба келісім-шарты

**14-бап.** (1) ТүрТЕП-ке тіркелген магистранттардың өткізуге міндетті семестрлік жоба (курстық жұмыс, оқытушының жетекшілігімен жүргізіледі. ТүрТЕП оқу жоспарына сай семестрлік курстық жұмыстың авторлық құқықтары / кеңесші ақысы төленетін оқытушылар тиісті кафедраның, ТүрТЕП-АБК-нің ұсынысы және ТҮРТЕП-БК-нің бекітуі бойынша белгіленеді. Белгіленген оқытушылардың аты-жөні, куәлігінің көшірмесі және академиялық атағын көрсететін құжаттар, тағайындауды және келісім-шартты жүзеге асыру үшін Өкілетті Кеңес төрағасының бекітуіне ұсынылады.

(2) Тағайындалуы Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан бекітілген оқытушылардың қызмет етуі үшін қосымша 7-үлгідегі келісім-шарт жасалады (7-қосымша).

(3) ТүрТЕП жоба (курстық жұмыс) жетекшісі болып саналатын оқытушыға, курстық жұмысты жүргізетін әрбір студент үшін егер ХҚТУ-нің келісім-шарт негізінде жұмыс істейтін қызметкері болса 150 ТЛ, ал егер болмаса 225 ТЛ жетекшілік ақысын үш бөлшекті нақты түрде төленеді.





### Кеңес төлемақысы

**15-бап.** (1) Кеңес төлемақысы (белгілі бір мәселені қарастыру үшін жиналған кеңестің мүшелеріне төленетін төлемақы) төлемдері төмендегідей есептеледі:

а) ТҮРТЕП-АБК-нің төрағасына жиналыс басына 500 ТЛ, ТҮРТЕП-АБК-нің мүшесіне жиналыс басына 400 ТЛ кеңес ақысы нақты түрде төленеді. ТҮРТЕП-АБК-нің төрағасына және мүшелеріне әрбір семестр үшін ең көп дегенде 3 рет кеңес төлемақысы төленеді. ТҮРТЕП-АБК-нің төрағасы мен мүшелері басқа қаладан келіп жиналысқа қатысатын болса, әрбір келу-кету жол шығыны құжаттарды тапсыру шартымен төленеді.

б) ТҮРТЕП-БК-нің төрағасына және мүшелеріне жиналыс басына 400 ТЛ кеңес төлемақысы нақты түрде төленеді. ТҮРТЕП-БК-нің төрағасына және мүшелеріне ай сайын өтетін жиналыстардың санына қарамастан ең көп дегенде 1 рет кеңес төлемақысы төленеді. ТҮРТЕП-БК-нің төрағасы мен мүшелері басқа қаладан келіп жиналысқа қатысатын болса, әрбір келу-кету жол шығыны құжаттарды тапсыру шартымен төленеді.

с) Өкілетті Кеңестің жауапкершілігінде құрылатын баспа кеңесі мүшелеріне, кеңес және комиссия мүшелеріне төленетін кеңес төлемақысы айда екі жиналыстан көп болмау шартымен және 15-баптың (б) тармақшасындағы мөлшерді аспау шартымен Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан белгіленеді.

д) Университет құрамында келісім-шарт негізінде толық немесе жартылай жұмыс сағатымен жұмыс істейтін қызметкерлерге кеңес төлемақысы төленбейді.

### Қызмет сапасын жоғарлату шараларының төлемақысы

**16-бап.** (1) Мекеменің қызметкерлеріне арналып өткізілетін қызмет сапасын жоғарлату шаралары, бейімделу курстары, конференция, семинар және ұқсас курстарда білім беретін оқытушыларға төленетін сабақтың сағаттық еңбек ақысы нақты түрде төлену шартымен төмендегідей белгіленеді:

Академиялық атағы	Сабақтың сағаттық төлемақысы ТЛ
Профессор, доктор	200,00
Доцент, доктор	180,00
Доцент қызметін атқарушы доктор және доктор	160,00
Аға оқытушы, оқытушы, академиялық емес тұлғалар	140,00

### Ақылардың арттырылуы

**17-бап.** (1) Осы регламенттің 12, 13, 14, 15 және 16-шы баптарында белгіленген ақшалай құндар, жыл сайын тамыз айында, дәл сол айдан бастап бір жылдық мерзім бойынша орындау мақсатында жылдық ТБИ-нің мөлшері және бюджеттің мүмкіндіктері ескеріле отырып, Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан белгіленеді.

**ТӨРТІНШІ БӨЛІМ**  
**Қазақстанда келісім-шарт негізінде жұмыс істейтін**  
**қызметкерлердің жеке құқықтары**

**Қызметкерлердің келісім шарттары**

**18-бап.** (1) Басқа бір мекемеде жұмыс істемейтін Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан Қазақстанда ректорат қарамағында қызметке тағайындалатын қызметкерлермен (зейнеткерлерді де қоса) қосымшадағы 3-үлгідегі еңбек шарты жасалады (3-қосымша).

Зейнеткерлік ақысы немесе университет пен мемлекеттік мекеме және ұйымдардағы айлық еңбек ақысы немесе төлемдері тоқтатылмай Қазақстанда қызметке тағайындалғандармен 4-үлгідегі келісім-шарт жасалады.

**Жалақы төлемдері**

**19-бап.** (1) Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан басқа бір мекемемен қызметтік қарым-қатынасы жоқ немесе зейнеткерлік ақысы немесе университеттер мен мемлекеттік мекеме және ұйымдардағы еңбек ақысы тоқталмастан Қазақстанда келісім-шарт негізінде қызметке тағайындалған қызметкерлерге келісім-шарт мерзімі бойынша айлық еңбек ақы төленеді.

(2) Төмендегі кестеде қызметі мен атағы көрсетілмеген қызметкерлердің еңбек ақылары бірдей немесе сәйкес келетін қызметтердің сомасынан аспау шартымен Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан белгіленеді.

(3) Келісім-шарт негізінде Қазақстанда қызметке тағайындалған қызметкердің қызметі Өкілетті Кеңес төрағасынан жазбаша түрде рұқсат алмастан ауыспайды.

(4) Қызмет ерекшеліктерін, жұмыс орны сияқты жағдайларды назарға ала отырып, Қазақстанда келісім-шарт негізінде жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбек ақысын 20%-ға дейін көтеруге Өкілетті Кеңес төрағасы құқылы.

(5) Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан Қазақстанда келісім-шарт негізінде жұмыс істейтін қызметкерлердің айлық нақты еңбек ақысы төмендегі кестеде берілген.

№	Қызметі	Айлық еңбек ақысы (АҚШ доллары)
	I Вице-президент (ректор өкілі)	5.400
	Вице-президент (әкімшілік-қаржылық)/Бас хатшы, профессор доктор	3.300
	Ішкі аудит, бас бухгалтер	3.000
	Доктор (ғылым канд.) доцент, Бас хатшы орынбасары	2.850
	Доцент міндетін атқарушы доктор(ғылым канд.)	2.550

	Бас бухгалтер орынбасары,	
	Директор, сәулетші, инженер	2.400
	Аға оқытушы (ғылым кандидаты), оқытушы (ғылым кандидаты)	2.250
	Директор орынбасары	2.100
	Маман	1.950
	Басқа қызметкерлер	1.650
Аға оқытушы / зерттеуші / оқытушы	Магистр	1.950
	Бакалавр	1.650
	Стажер	1.050

### Қосымша төлемақылар

**20-бап.** (1) 19-бапта қызметтері мен айлық еңбек ақылары көрсетілген қызметкерлерге төменде белгіленген қызметтерге тағайындалған кезде сол қызметте жұмыс істеу мерзімі бойынша төменде көрсетілген мөлшерде ай сайын нақты түрде төлемақы қосылады.

Қызметі	Қосымша төлемақы (АҚШ доллар)
Вице-президент (академиялық)	600
Декан, институт/жоғары колледж директоры	450
Декан орынбасары, институт/жоғары колледж директор орынбасары, кафедра меңгерушісі	300
Ректор өкілінің (I Вице-президент) кеңесшісі	150

(2) Вице-президент (академиялық) қызметіне профессор атағына ие кісілер тағайындалады. Бұл қызмет үшін белгіленген 20-баптың (1) тармағында көрсетілген қосымша төлемақы осы қызметті атқарған мерзім бойынша ғана төленеді. Доцент немесе доцент қызметін атқарушының осы қызметті уақытша атқарған жағдайда жоғарыда көрсетілген қосымша төлемақының ретімен 60% және 40% төленеді.

### Университеттің клиника-диагностикалық орталығына (КДО) келісім-шарт негізінде тағайындалатын қызметкерлердің жалақылары

**21-бап.** (1) Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан медицина факультеті мен клиника-диагностикалық орталығына (КДО) келісім-шарт негізінде тағайындалатын қызметкерлерге төмендегі кестеде көрсетілген айлық жалақы нақты түрде төленеді:

Қызметі	Айлық нақты жалақы (АҚШ доллары)
ҚДО бас дәрігері	4.200
ҚДО бас дәрігерінің орынбасары	3.600
Ғылым докторы профессор	3.600
Доктор (ғылым кандидаты) доцент	3.450
Доцент міндетін атқарушы доктор (ғылым канд.), доктор (маман)	3.300
Доктор	2.850
ҚДО директоры, бас мейірбике	2.550
Денсаулық сақтау қызметінің техникалық маманы, медициналық құрал-жабдықтар техникалық маманы, мейірбике	2.100

#### Төлемақылардың арттырылуы

**22-бап.** (1) Осы регламенттің 19, 20 және 21-бабында көрсетілген төлемақылар Өкілетті Кеңес төрағасының ұсынысы мен Өкілетті Кеңес шешімімен белгіленеді.

### БЕСІНШІ БӨЛІМ

#### Қызметкерлердің әлеуметтік құқықтары

##### Жұмыс уақыты

**23-бап.** (1) Жұмыс уақыты аптасына ең көп дегенде 45 сағат. Күндік жұмыс уақыттары, жұмыстың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне байланысты Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан қосымша белгіленеді.

##### Мерзімінен тыс уақытта жұмыс істеу

**24-бап.** (1) Қызметкер өзіне жүктелген міндеттерді уақытылы күндік жұмыс уақытында орындауы тиісті. Келісім-шартта көрсетілген жұмыс уақытынан тыс немесе демалыс күндерінде жазбаша түрде жұмысқа тартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда, қызметкерге қолданыстағы Еңбек кодексіне сай мерзімнен тыс жұмыстар үшін жалақы төленеді. Жазбаша нұсқау берілмей, өз еркімен мерзімнен тыс жұмыстарды атқарған қызметкерге жалақы төленбейді. Келісім-шарттағы мерзімнен тыс жұмыстар жылына 270 сағаттан аспауы тиіс.

##### Жылдық демалыс ақы

**25-бап.** (1) Өкілетті Кеңес Басқармасымен келісім шартқа қол қойған және 1 жыл жұмыс істеген қызметкер, жылдық ақылы демалыс алуға құқылы. Жылдық ақылы демалыстың көлемі төмендегідей:



- a) 1 – 5 жыл аралығында қызмет атқарғандар үшін 14 жұмыс күні,
- b) 6 – 15 жыл аралығында қызмет атқарғандар үшін 20 жұмыс күні,
- c) 15 жылдан жоғары қызмет атқарғандар үшін 26 жұмыс күнінің ақысы төленеді.

(2) Еңбек демалысы сол жылдың ішінде пайдаланылуы тиіс. Еңбек демалыс мерзімінде қызметкерлердің басқа жұмыс орнында қызмет атқаруына тыйым салынады. Жылдық еңбек демалыс жоспары бөлім басшысы тарапынан бекітіліп, әр жылдың ақпан айының соңына дейін Адами ресурстар басқармасына өткізілуі тиіс.

(3) Ректоратта келісім-шарт негізінде қызмет атқаратын түркиялық қызметкерлердің жылдық еңбек демалысын алу құқығы, оқу мерзімінен тыс уақыттарында Еңбек кодексіне сай белгіленеді. Ректоратта қызмет атқаратын түркиялық азаматтардың еңбек демалыс жоспары мамыр айының соңына дейін Ректор өкілі тарапынан белгіленеді.

### **Ерекше жағдайларда демалыс алу**

**26-бап.** (1) Қызметкердің тиісті анықтамасын тапсыру шартымен үйленгенде 3 (үш) күн, жұбайы босанғанда 3 күн, жұбайы, баласы, анасы, әкесі және бауыры қайтыс болған жағдайда 3 күн демалыс уақыты беріледі. Ерекше жағдайларда демалыс жылдық еңбек демалысынан тыс беріледі. Қазақстанда қызмет атқаруға тағайындалған қызметкердің Қазақстан сыртына шыққан жағдайда барып-қайтуы үшін 2 күн қоса беріледі.

### **Еңбекке жарамсыздық демалысы**

**27-бап.** (1) Қызметкер ауырып, жұмысқа келе алмайтын жағдайда бөлім басшысын хабардар етуі тиіс. Қызметкер еңбекке жарамсыздық анықтамасын бейнелейтін құжатты Түркияда Әлеуметтік қауіпсіздік басқармасына қарасты денсаулық мекемесінен, ал Қазақстанда университеттің клиникасынан алуы тиіс. Жеке денсаулық мекемелерінен алынған еңбекке жарамсыздық анықтамасы Әлеуметтік қауіпсіздік басқармасы тарапынан бекітілмеген жағдайда, жарамсыз болып табылады және қызметкер жұмысқа келмеген болып есептелінеді.

(2) Түркиядағы қызметкер Әлеуметтік қауіпсіздік басқармасына қарасты немесе онымен келісім-шарт негізінде қызмет атқарған денсаулық мекемесінен еңбекке жарамсыз анықтамасын алатын болса, міндетті түрде Адами ресурстар басқармасына білдіруі тиіс. Егер еңбекке жарамсыздық анықтаманың мерзімі бес күннен асатын болса, анықтама мерзімінің төлем ақысын Әлеуметтік қауіпсіздік басқармасынан алып, университеттің есеп шотына аударуы тиіс.

### **Жалақы сақталмайтын демалыс**

**28-бап.** (1) Босанған әйелдерге босану демалысынан кейін өтініш білдірген жағдайда алты айға дейін жалақысы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін. Бұл мерзім жылдық ақылы демалыс есебінде назарға алынбайды. Ер азаматтарға қысқа мерзімге

және қаржылай әскери боршын өтеуі үшін жалақы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін.

#### **Қызметкердің қайтыс болуы**

**29-бап.** (1) Қызметкер қайтыс болған жағдайда, қызмет атқарған мерзім ішіндегі заңды құқықтары мен келісім-шартта көрсетілген құқықтары немесе алатын төлемақылары мұрагерлік құқығы туралы құжаттың тапсырылуы шартымен заңды мұрагерлеріне төленеді, жұбайына, бала-шағасына, анасына, әкесі мен бауырларының қайсы біріне екі нақты айлық жалақы көлемінде көмек беріледі. Өкілетті Кеңес төрағасының рұқсатымен қайтыс болған қызметкердің жаназасын отбасына тапсыру үшін жолақы қаражаты өтеледі.

#### **Босануы бойынша көмек**

**30-бап.** (1) Өзі немесе жұбайы босанған қызметкерге бір айлық жалақының жартысы көлемінде босануы бойынша қаржылай көмек көрсетіледі. Екеуі де университет қызметкері болған жағдайда, көмек тек анасына ғана беріледі.

#### **Ас шығындары**

**31-бап.** (1) Өкілетті Кеңес Басқармасы және ТүрТЕП қарамағындағы келісім-шарт негізінде жұмыс істейтін қызметкерлерге түскі ас беріледі, түскі ас беріле алмайтын қызметкерлерге түскі ас карточкасы беріледі.

#### **Денсаулық сақтандыру шығындары**

**32-бап.** (1) Түркия және Қазақстанда Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан келісім-шарт негізінде тағайындалған қызметкердің денсаулық сақтандыру қажеттіліктерін тіркелген Әлеуметтік қауіпсіздік басқармасы қамтамасыз етеді.

(2) Медициналық кеңестің анықтамасында қажеттілігі де көрсетілуі шартымен Қазақстаннан Түркияға қайтуы міндетті болған қызметкердің басқа жерге барып емделуі үшін қасында ауруды бағушы бір адам болуы міндетті болса, науқас кісі өзі көрсеткен бағушы немесе оны өзі таба алмаған жағдайда университет тарапынан арнайы тағайындалатын ауруды бағушыға жол және міндетті шығындары өтеледі.

#### **Жол шығындары**

**33-бап.** (1) Келісім шарт негізінде Қазақстанда жұмыс істейтін қызметкерге тұрақты мекен-жайы, мемлекеті мен қызметке тағайындалған орын арасындағы бару-қайту жол шығындары жылына бір рет, ал оған қарасты отбасы мүшелерінің болса бір немесе бірден көп келісім шарт мерзімін қамтитын қызмет мерзімі бойынша бір рет ғана төленеді.

(2) Барып-қайту шығындарын бейнелейтін құжаттар тапсырылмаған жағдайда, барып-қайтудың ең арзан және ең тиімді көліктің жол бағаларына сүйене отырып, қызметкердің жол қаражаты төленеді.

(3) Қызметке жіберілген қызметкер жеке көлігі арқылы саяхатқа шыққан жағдайда, жол қаражаты ретінде барып-қайтудың ең арзан және ең тиімді көліктің жол бағаларына сүйене отырып, қызметкердің жол қаражаты төленеді.

#### **Қонақ үй шығындары**

**34-бап.** (1) Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан келісім-шарт негізінде шет елге тағайындалған қызметкердің жұмыс атқару мерзімі бойынша, барар кезінде 1 рет, қайтар кезінде 1 рет, ең көп дегенде 2 күн қонақ үй шығындары Іс-сапарлар туралы регламентте белгіленген төлемақысының (айлық еңбек ақы/30) екі есе мөлшеріне дейінгі сомма көрсетілген құжаттарға сәйкес төленеді.

#### **Аванстың берілуі**

**35-бап.** (1) Қазақстанға келісім-шарт негізінде алғаш рет тағайындалған қызметкерге бір айлық нақты жалақы көлемінде аванс беріледі.

(2) Аванс алған қызметкер, қандайда бір себепке байланысты тағайындалған жеріне 15 күн ішінде бармаған жағдайда, авансын қайтаруға міндетті.

#### **Жаза және тәртіп**

**36-бап.** (1) Қызметкердің тәртіп бұзушылық іс-әрекеттеріне орай университеттің еңбек тәртіп сақтау регламентінің тиісті ережелеріне сай жазалар қолданылады.

#### **Зейнеткерлік**

**37-бап.** (1) Әкімшілік және академиялық қызметкерлердің зейнеткер болуына немесе университеттен босатылуына, тиісті заңнамалық құжаттарда көрсетілген зейнеткерлікке қатысты ережелер мен тәртіп ескеріле отырып, зейнеткер жасына толған мерзімінде қажет болса зейнеткерлікке шығарылады.

### **АЛТЫНШЫ БӨЛІМ**

#### **Қабілеттілік деңгейі және өкілеттілік**

##### **Қабілеттілік деңгейін анықтау әдісі**

**38-бап.** (1) Қызметкердің біліктілігін анықтау мақсатында жылына бір рет желтоқсан айында бөлім басшысы тарапынан қызметкердің жыл бойы атқарған қызметтері мен тәртібі, әрі қабілеті мен өзін жетілдіруі назарға алына отырып «Қабілеттілік деңгейін анықтау» атты құжат толтырылады. Бөлім басшысының аталмыш құжатты толтыру үшін кем дегенде қызметкермен 6 ай жұмыс істеуі тиіс. Егер бөлім басшысы 6 ай қызметкермен жұмыс істемеген жағдайда, оның бұрынғы бөлім басшысының немесе өзінен жоғары лауазымның пікірі бойынша реттеу жасалынады. Қызметкерлердің қабілеттілік деңгейін анықтау бірінші және екінші басшы тарапынан дайындалады, Өкілетті Кеңес төрағасы тексеріп, бекітеді. Бекітілген құжат «Адами ресурстар басқармасы» тарапынан сақталады. Қабілеттілік деңгейін анықтаудың қорытындылары туралы мағлұмат тиісті қызметкерге бөлім басшысы мен



«Адами ресурстар басқармасы» тарапынан жұмыстарды болымды бағытталған түрде жазбаша немесе ауызша түрде беріледі.

(2) Қабілеттілік деңгейін анықтау арқылы қызметкерлердің жалпы бағалануы анықталады. Екі жыл бойы қызметкердің қабілеттілігі қанағаттанарлық болмаған жағдайда, екінші жылдың аяғында қызметкерге жазбаша түрде ескерту жасалады. Ескерту жасалған жылдан бастап, қабілеттілігін анықтау қорытындысы қанағаттанарлық болмаған қызметкердің негізгі жалақысының артуы Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан тоқтатылады немесе жұмыстан босатылады.

### **Өкілеттілік қызметтері**

**39-бап.** (1) Қызметкердің еңбек демалыс уақытында, сырқаттанған жағдайда, уақытша басқа қызметке тағайындалғанда, тәртіп жазасын алғанда және жұмыстан уақытша босатылу себептермен жұмысын уақытша атқармаған жағдайда орнына мекемеде толық штатта жұмыс істейтін қызметкерлерінің бірі өкіл ретінде тағайындалуы мүмкін. Өкіл ретінде атқарылатын қосымша жұмыстарға қосымша жалақы төленбейді.

(2) Мекеменің үйлестірушісі және директор қызметтері мен ректорат құрамында әкімшілік немесе ғылыми қызметтерге тағайындалмаған бос орындарға, 6 ай мерзімді өкіл тағайындалуы мүмкін. Өкіл ретінде тағайындалған қызметкерге өкілдігін атқарған қызметтің негізгі жалақысының ең көп дегенде 20 пайызы ғана өкілдік ақысы ретінде төленеді. Бір адамға өз қызметінен тыс бірден көп өкілдік немесе қосымша басқару қызмет берілмейді. Осы баптың 1-ші тармағында көрсетілген шарттардан тыс, өкіл қызметкер тағайындалған жағдайда, сол орынға сай қабілеттіліктері, әрі біліктілігі болуы тиіс. Заңды қажеттіліктер мен міндеттер себебімен осы қызметтер бос қалған жағдайда, Өкілетті Кеңес төрағасы өкіл қызметкердің қызмет мерзімін созыруы мүмкін.

## **ЖЕТІНШІ БӨЛІМ**

### **Соңғы және басқа да ережелер**

#### **Өкілетті Кеңес төрағасының жалақысы**

**40-бап.** (1) Өкілетті Кеңес Басқармасы ректоратқа қарасты тағайындалған түркиялық қызметкерлер және Түркиядағы мекемелері мен Түркия Республикасының инвестициялық бюджетінің басқарылуы мен қаржылай жауапкершілігі жүктелген Өкілетті Кеңес төрағасына "Өкілетті Кеңес Басқармасы Қызметкерлер туралы регламентінің» 11(b)-бабындағы "Қызметкерлердің еңбек ақысы" кестесінің ең жоғары жолы бойынша аталған регламенттің 11(i, l)-бабы негізге алына отырып, жалақы төленеді.

#### **Ректордың (Президенттің) жалақысы**

**41-бап.** (1) Университеттің халықаралық мәртебесі мен Қазақстандағы қызметкерлердің жалақысы ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы тарапынан тағайындалған университет ректорына Өкілетті Кеңес бюджетінен Түркия



Республикасы тарапынан тағайындалған ректор өкіліне (I Вице-президентіне) төленетін еңбек ақы мөлшерінде жалақы төленеді.

#### **Өкілеттік Кеңес мүшелеріне мәжіліске қатысқаны үшін төленетін қаржы**

**42-бап.** (1) Өкілетті Кеңес мәжілістеріне қатысқан Өкілетті Кеңес мүшелеріне тәуіліктік шығындардан басқа әр мәжіліс үшін Өкілетті Кеңес бюджетінен 500 АҚШ доллары көлемінде қаржы нақты түрде төленеді.

(2) Университет тарапынан жалақы төленетін Өкілетті Кеңес төрағасы мен университет ректорына Өкілетті Кеңес мәжілістеріне қатысқаны үшін қаржы төленбейді.

#### **Жеке еңбек шарты тоқтатылған жағдайда төленетін ақы**

**43-бап.** (1) Осы регламенттің күшіне енуіне дейінгі мерзімде Өкілетті Кеңес Басқармасымен келісім-шарт жасаған қызметкердің жеке еңбек шарты тоқтатылған жағдайда төленетін ақыға байланысты барлық құқықтары сақталынады. 01.08.1999 жылынан бұрын жұмысқа қабылданған қызметкермен жеке еңбек шарты тоқтатылған жағдайда төленетін ақы есептелгенде 01.08.1999 жылына дейінгі қызметі үшін бұған дейінгі ережелер мен келісім шарт үкімдері негізге алынады. Жеке еңбек шарты тоқтатылған қызметкердің 01.08.1999 жылына дейінгі қызметі үшін төленетін ақы мөлшерін есептегенде ең соңғы жалақы ретінде жұмыстан босатылмай тұрған кезде алған аударымсыз түрдегі еңбек ақысының көлемі алынады.

(2) Осы регламент күшіне енгеннен кейін қызметкердің жеке еңбек шарты тоқтатылған жағдайда төленетін ақы мөлшерінің есебінде осы регламент пен бұдан кейінгі келісім шарттардың үкімдері негізге алынады.

#### **Регламентте қарастырылмаған ерекше жағдайлар**

**44-бап.** (1) Осы регламентте қарастырылмаған ерекше жағдайларда Өкілетті Кеңес шешімдері, қолданыстағы Еңбек кодексі және Жоғары оқу орны туралы Заң ережелері қолданылады.

#### **Күшін жойған ережелер**

**45-бап.** (1) Осы регламент күшіне енгеннен кейін 01-02.11.2008 жылғы Өкілетті Кеңес 33-мәжілісі шешімдерінің 4.1-бабымен қабылданған «Өкілетті Кеңес Бақармасы қызметкерлер туралы регламенті» өз күшін жояды.

#### **Күшіне ену**

**46-бап.** (1) Осы регламенттің ережелері 2012 жылдың шілде айының 1-ші жұлдызынан бастап күшіне енеді.

#### **Жүзеге асыру**

**47-бап.** (1) Осы регламент ережелерін Өкілетті Кеңес төрағасы жүзеге асырады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісінің		
Күні: 02/ 06 / 2012	Мәжіліс № 42	Шешім № 17.2.14



**БАСҚА БІР МЕКЕМЕМЕН ҚЫЗМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ЖОҚ  
ҚЫЗМЕТКЕРМЕН ТҮЗІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ КЕЛІСІМ-ШАРТЫ  
(1-ҮЛГІ)**

**ТАРАПТАР**

**1-бап.** (1) Осы келісімшарт .....-ның/нің Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасы қарамағында жұмыс істеуіне байланысты шарттарды реттейді. Келісім-шартта бұдан былай «Мекеме» ұғымы «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасын», ал «Келісім-шартқа отырған» ұғымы «.....» білдіреді.

**ҚЫЗМЕТ ОРНЫ**

**2-бап.** (1) Келісім-шартқа отырған қызметкердің қызмет орны Мекеменің мекені болып табылады. Мекеме келісім-шартқа отырған қызметкерді республика шеңберінде немесе республика шеңберінен тыс уақытша түрде қызметке жібере алады.

**ҚЫЗМЕТІ**

**3-бап.** (1) Келісім-шартқа отырған қызметкер «.....» қызметінде тікелей Өкілетті Кеңес төрағасының қарамағында жұмыс істейді.

**ЖҰМЫС САҒАТЫ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ**

**4-бап.** (1) Келісім-шартқа отырған қызметкердің күндік және апталық жұмыс істеу түрі, уақыты және мерзімі қызмет атқаратын жұмыс орны үшін анықталған әдістер мен мерзімдерге байланысты.

(2) Келісім-шартқа отырған қызметкер өзіне берілген қызметтерді күндік жұмыс істеу уақыт пен мерзімі ішінде аяқтауға міндетті.

(3) Келісім-шартқа отырған қызметкерге қалыпты жұмыс сағаттарынан тыс немесе демалыс күндері жазбаша қызметтік хаты бойынша атқаратын жұмыстары үшін қосымша еңбек ақы төленеді.

**ҚЫЗМЕТКЕ БАСТАУ**

**5-бап.** (1) Келісім-шартқа отырған қызметкердің қызметке бастау күні ..... болып саналады.

**КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ КЕЛІСІМ-ШАРТТЫ БҮЗУ**

**6-бап.** (1) Келісім-шарттың мерзімі-келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап ..... ж. дейін. Алғаш рет қызметке алынған қызметкер екі айлық сынақ мерзімінен өтеді. Жеткілікті деңгейде қабілеті болмағаны белгілі болған қызметкермен байланыс аталмыш мезгіл соңында тоқтатылады. Келісім-шартқа отырған қызметкер қайдай да

болмасын өтемақы төлеуді талап етпейтінін қабылдайды және мойындайды. Сол сияқты, келісім-шартқа отырған қызметкер алғашқы екі айлық сынақ мезгілінде келісім-шарттың тоқтатылуын талап ете алады.

(2) Бұл келісім-шарт осы келісім-шарт мерзімінің аяғында әдісіне сай жасалатын хабарлау арқылы келісім-шарт бұзылмайтын болса, онда келісім-шарт өздігінен бір жылдық мерзімге ұзатылады.

(3) Қызмет келісім-шарты мерзімінің аяқталуын күтпей-ақ, Еңбек Кодексінің үкімдеріне сай қызмет келісім-шарты бұзылуы мүмкін.

(4) Келісім-шарт бұзылған мерзімнен бастап жұмыстан босатылған келісім-шартқа отырған қызметкердің жұмыс аяғындағы компенсациясын есептегенде мекеменің заңдық нормалары, тиісті тұлғамен жасалған келісім-шарттарда белгіленген үкімдер және Еңбек Кодексінің үкімдері қолданылады.

### **ЕҢБЕК АҚЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ**

**7-бап.** (1) Келісім-шартқа отырған қызметкердің нақты айлық еңбек ақысы ... ТЛ, жұмыс стажына байланысты нақты айлық еңбек ақысы ...ТЛ. Осы еңбек ақысы тиісті айдың ішінде төленеді.

### **ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАР**

**8-бап.** (1) Келісім-шартқа отырған қызметкер Әлеуметтік сақтандыру мекемесінде сақтандырылады. Әлеуметтік сақтандыру мекемесінің қамтамасыз еткен әлеуметтік қауіпсіздік, зейнеткерлік және басқа да әлеуметтік құқықтардан пайдаланады.

(2) Зейнеткерлік ұсталымдары да қоса барлық тұлғалар мен мекемелер үшін төлемдер Мекеме тарапынан тиісті орындарға төленеді.

### **ІС-САПАР ШЫҒЫНЫ**

